



14 ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ !!!



Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ "Жоғары медициналық колледжі" МКК. "Зерттеу жұмысы арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру" тақырыбындағы студенттердің Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясына Жамбыл жоғары медицина колледжінің 308С-9/19 топ студенті К.Н.Азизова қатысып, ІІІ Дәрежелі Дипломға ие болды. Жетекшісі Р.У. Джантасова 201М-9/20 топ студенті Н.Е.Оразалиева конференцияға белсене қатысқаны үшін Сертификатпен марапатталды. Жетекшісі Н.А.Қасымов.



Орта кәсіптік медициналық білім беру жүйесіндегі жұмысшылардың Сібір аймақаралық бірлестігі. Облыстық мемлекеттік бюджеттік «Тулун медициналық колледжі» кәсіптік білім беру мекемесі. Сібір федералды округінің медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткізілген онлайн олимпиадаға колледждің 412 топ студенті Р.М.Колназарова қатысып, жүлделі ІІІ Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Б.С.Мадимарова.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Философия және саясаттану кафедрасы "Логос" студенттік ғылыми үйірмесінің ұйымдастыруымен "Қазіргі жастардың рухани құндылықтары" атты ғылыми конференциясына Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 117 топ студенті Бақыт Диана, 114 топ студенті Бүркітбай Мөлдір І Дәрежелі Дипломмен, жетекшісі Байбосынова А.С. Алғыс хат және сертификатпен марапатталды.



Ж.Б.Бегалиев Грамотамен марапатталды.



Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында "Тәуелсіздік - теңдесі жоқ байлығым!" атты республикалық интернет байқауына колледждің 216ЕФ-9/20 топ студенті Асқарова А.А. ІІ Дәрежелі Дипломмен, жетекшісі Иманалиева Г.Ж. Алғыс хатпен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің 30 жылдығына орай, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің жылдық жоспарын толық орындап, сапасын жоғары көрсеткіштерге жеткізгені және жастардың әскери-патриоттық тәрбиесіне қосқан елеулі еңбегі үшін колледж оқытушысы

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы. Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің 30-жылдығына орай, білім беру жүйесін дамытуға және өскелең ұрпаққа тәрбие мен білім берудегі қол жеткізген табыстары үшін колледж оқытушысы Ж.Б.Бегалиев Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Новосибирск медициналық колледжі. Орта медициналық және фармацевтикалық білім беру мекемелерінің студенттері арасында "Адам анатомиясы және физиологиясы" пәні бойынша мультимедиялық презентациялардың өңіраралық (халықаралық қатысумен) конкурсында 133ЕФ-11/21 топ студенттері Д.Б.Данияр "Анатомия және физиология пищеварительной системы" тақырыбы бойынша қатысып, жүлделі ІІІ орын Дипломымен, А.К.Оспанова байқауға белсене қатысқаны үшін Сертификатпен марапатталды. Жетекшісі: Қ.С.Шаймерден.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында "Тәуелсіздік - теңдесі жоқ байлығым!" атты республикалық интернет байқауына колледждің 216ЕФ-9/20 топ студенті Асқарова А.А. ІІ Дәрежелі Дипломмен, жетекшісі Иманалиева Г.Ж. Алғыс хатпен марапатталды.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Колледжде педагогикалық кеңес және әдістемелік кеңес өтті.

2 | ФЛЕШМОБ

«Адам өмірін сақтаңыз: қолдарыңызды таза ұстаңыздар!» атты студенттер флешмобы.

3 | КЕЗДЕСУ

02.05 - 13.05.2021 күндері С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ мамандарымен, белсенді студентімен кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізуді жоспарлау мақсатында колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбековамен кездесті. «Отбасы - бақыт мекені» атты сенбілік кездесу кеші өтті.

4 | АШЫҚ САБАҚ

Оқытушы А.А. Айтжанова "Анатомия, физиология" пәнінен, А.Ж.Қоқанова "Мейіргер ісі негіздері" пәнінен ашық сабақ өткізді.

5 | КУРАТОРЛЫҚ САҒАТ

«Нашақорлық - ғасыр дерті» тақырыбында кураторлық сағат.

6 | 4 МАУЫМ-РӘМІЗДЕР КҮНІ

ҚР Рәміздер күніне орай колледж оқытушылары Н.Т.Юсупова, Д.Т. Бекмурзаева, А.А. Айтжанова, К.М. Кушпеннова тәрбие сағаттарын өткізді.

7 | ЖАРЫС

«Әкем, Анам және Мен» атты отбасылық эстафеталық жарыс, ІІ курс студенттерінің арасындағы «Анатомия және физиология үздігі» байқауы.

8 | ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСЫ

Республикалық референдум туралы, колледж заңгері және тарих пәнінің оқытушылары студенттер арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

9 | ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Колледж психологтарының ұйымдастыруымен "Тіршіліктің негізі - салауатты болашақ" тақырыбында дөңгелек үстел.

10 | ҚОРЫТЫНДЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

«Тұрғындардың денсаулығын сақтау-жаһандық пандемияны жеңудің негізі» тақырыбында қорытынды ғылыми-тәжірибелік конференциясы.


11 | ИГІ ІС-ШАРА

Колледж студенттері "№5 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығына" тәжірибелік жұмысқа барып, мемлекет қамқорлығындағы азаматтардың тыныс-тіршілігімен танысып қайтты.

12 | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

Колледжде №52 учаскілік референдум комиссиясы құрылып, жұмыс жасады.

13 | ҚҰТТЫҚТАУ



Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі.
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС



10.05.2022ж. Колледжде педагогикалық кеңес өткізілді. Күн тәртібінде:

1. "Кәсіби қазақ тілі", "Қазақ тілі және қазақ әдебиеті" пәндерінің оқытылуы мен білім

сапасы. Жауапты: оқу бөлімінің меңгерушісі Шужеева Ж.Л.

2. "Философия", "Құқық негіздері", "Саясаттану негіздері" пәндерінің оқытылуы мен білім сапасы. Жауаптылар: бөлім меңгерушісі Жапаркулова Ф.К., мониторинг бөлімінің меңгерушісі Мураталиева Н.М.

3. "Микробиология", "Жалпы гигиена" пәндерінің оқытылуы мен білім сапасы. Жауапты: бөлім меңгерушісі Айдаралиева А.Б.

4. Электронды журналдың жаңа мүмкіншіліктері. Жауапты: ақпараттық технологиялар бөлімінің меңгерушісі Исмаилова А.Е.



18.05.2022ж. Колледждің әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен әдістемелік отырыс өткізілді. Күн тәртібінде:

1. "Мейіргер ісі негіздері" пәні бойынша тәжірибелік

сабақты жүргізуде студенттің жұмыс орнын қажетті құралдармен қамтамасыз ету.

Жауаптылар: оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Мейрманова Л.К., бөлім меңгерушісі Ескебекова З.С.

2. "№1,2 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндері циклдік әдістеме" комиссиясының жұмысы мен ұйымдастырылуы туралы.

Жауапты: оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Мейрманова Л.К., ЦӘК тәрәйымдары Джантохова Г.Н., Сағындықова Б.А.


3. Қалалық көпбейінді аурухана базасында тәжірибелік сабақтардың, өндірістік оқытудың, кәсіптік практиканың өту жағдайы мен білім сапасы. Жауапты: директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Андакулова Қ.Т.

2 | ФЛЕШМОБ



05.05.2022 ж. Дүниежүзілік қол гигиенасы күніне орай колледжде "Адам өмірін сақтаңыз: қолдарыңызды таза ұстаңыздар!" ұранмен студенттердің қатысуымен флешмоб ұйымдастырылды.

3 | КЕЗДЕСУЛЕР



12.05-13.05.2021 күндері С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ А.Ж.Бекжанов, КҚПБ тәрбие жұмысы студенттерді әлеуметтік қолдау және мәдени-шығармашылық жобаларды іске асыру бөлімінің басшысы Н.Т.Тлеубек, КҚПБ тәрбие жұмысы студенттерді әлеуметтік қолдау және мәдени-шығармашылық жобаларды іске асыру бөлімінің маманы Д.Б.Кудайберген және 4 курс белсенді студенті Кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізуді жоспарлау мақсатында Жамбыл жоғары медициналық колледжі директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Куанышбековамен кездесті. Кездесу барысында екі тарап пікір алмасып, тәжірибе бөлімінің әдіскері Л.А.Артықова мен С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ мамандарымен бірлесе Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 4 курс бітіруші топтарына және Тараз қаласының жалпы 8 орта мектебінің 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырды. Оқушыларға университет және колледжде оқытылатын мамандықтар, оқу үрдісінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктері, оқуға түсу талаптары таныстырылып, бейнероликтер көрсетілді, ақпараттық брошюралар таратылды.



17.05.2022ж. Колледжде «15 мамыр - Отбасы күні» мерекесіне орай, үлгілі отбасыларды құрмет тұту, келешек ұрпаққа өнеге ету мақсатында «Отбасы -

бақыт мекені» атты сенбілік кездесу кеші өтті. Мақсаты: отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата-анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру. Отбасылық құндылықтың қандай болатынын дәлелдеу, болашақ ұрпаққа көрсету. Кешті ұйымдастырған: «Мейіргер ісі» бөлімі, 303 топ студенттері.

11 | ҚОРЫТЫНДЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ



19.05.2022 ж. Колледжінің үйірме жұмыстары бойынша «Тұрғындардың денсаулығын сақтау-жаһандық пандемияны жеңудің негізі» тақырыбында қорытынды ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Пәндер бойынша 19 үйірме қатысты. Үйірме мүшелері дайындаған экспонаттарын, зерттеу жұмыстарын, қолданған әдістерін шеберлікпен мәлімдеме жасап, қорғап шықты. Конференцияға үйірме жетекшілері мен үйірме мүшелері үлкен дайындықпен келіп, зерттеу жобалары өзекті мәселелерді қамтыған. Сараптау комиссиясының қорытындысы бойынша үздік зерттеу жұмыстары дипломдармен және номинациялармен марапатталды.

I дәрежелі диплом - «Балдырған» үйірме мүшесі Азизова К. 221 топ, «Емдеу ісі» бөлімі. Жетекшісі Жантасова Р.У.

II дәрежелі диплом - «Инфекционист» үйірме мүшесі Оман А. 221 топ, «Емдеу ісі» бөлімі Жетекшісі Блейменова Б.Б.

III дәрежелі диплом - «Нозология» үйірме мүшесі Сәрсенбекова Н. 128 топ «Емдеу ісі» бөлімі. Жетекшісі Септесін Г.Қ.

Үздік жұмыс көрсеткен үйірмелер келесі номинациямен марапатталды:

1. «Занимательная грамматика» үйірме мүшесі Танкишева К. жақсы шығармашылық жұмысы үшін;
2. «Эврика» үйірме мүшесі Сейдіш Н. конференцияда көрсеткен ізденімпаздығы үшін;
3. «Рефлекс» үйірме мүшесі Нәдірбек М. конференцияда ғылыми ой танытқаны үшін;
4. «Скальпель» үйірме мүшесі Ерғара С. конференцияда жақсы мазмұнды жұмысы үшін Мақтау қағаздарымен марапатталды.

«Флора» жетекшісі Нурбаева Р.Т., «Шипагер» жетекшісі Серкебаева А.К., «Жас химик» жетекшісі Султанаева А.Б., «Эврика» жетекшісі Токсанбаева Д.Н., «Микробтар әлемі» жетекшісі Қасымов Н.А., «Балдырған» жетекшісі Жантасова Р.У., «Инфекционист» жетекшісі Блейменова Б.Б., «Скальпель» жетекшісі Даулетов А.М., «Занимательная грамматика» жетекшісі Бердалиева Э.Б., «English in action» жетекшісі Тойланбаева К.А. үйірмелерінің жетекшілері оқу жылы бойынша атқарған жұмыстары үшін мақтау қағазымен, «Алтын стетоскоп» жетекшісі Серік С.Н., «Алтын құрсақ» жетекшісі Жақай А.М., «Ізденуші биолог» жетекшісі Жунисова Қ., «Галилео» жетекшісі Құдайбергенова А.К., «Балауса» жетекшісі Абдалимова З.И., «Рефлекс» жетекшісі Танат Г.К., «Милосердие» жетекшісі Мухажанова Р.Ж., «Алаш жолы» жетекшісі Байбосынова А.С., «Нозология» жетекшісі Септесін Г.Қ. үйірмелерінің жетекшілері оқу жылы бойынша атқарған жұмыстары үшін алғыс хаттармен марапатталды.

12 | ИГІ ІС-ШАРА



16.04.22ж Колледждің жастар ісі жөніндегі құрылымы "Birikken Medicina Jastary" қозғалысы студенттердің медицинаға деген қызығушылығын

арттыру және мемлекет қамқорлығындағы азаматтардың күнделікті тұрмыстық жағдайын көру мақсатында "№5 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығына" тәжірибелік жұмысқа 1 курс студенттері барып, мемлекет қамқорлығындағы азаматтардың шаруашылығымен танысып қайтты. Мекеме басшысы М. Бердалиевтың атынан мадақтама берілді.



27.05.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен қала тұрғындарына "Жамбыл адалдық алаңы" жобасы туралы брошюралар таратылып, түсіндірме

жұмыстары жүргізілді.

«Жамбыл – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басты жұмысы тұрмыстық жемқорлықты жою, азаматтарға қолайлы жағдай жасау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру болып табылады.

Агенттік және оның аумақтық департаменттері Жобалық кеңсенің жұмысын сүйемелеуге барынша қолдау көрсетіп келеді. Осы орайда, ағымдағы жылы облысымыздың 10 ауданның барлығында «Адалдық алаңы» жобалық кеңселері құрылып, өз жұмысын жүзеге асыруда. Басты мақсат жоба кеңселерінің жұмысын ауылдық деңгейге жеткізу.

13 | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ



05.06.2022 ж. Республикалық референдум өтті. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде №52 учаскілік референдум комиссиясы құрылып, жұмыс жасады. Учаскінің сайлаушылар саны - 2227, оның ішінде - 13 мүгедек бар, 5 сайлаушы - 18 жастағы азаматтар, денсаулығына

байланысты - 28 сайлаушы үйден дауыс берді. Халық жауапкершілікті сезініп, референдум маңыздылығын түсініп, еліміздің болашағы үшін өз таңдауларын жасап дауыс берді.